NUR-MUBARAK
university

ҚБТ ҚОЛДАНЫП ҚОРЫТЫҢДЫ ЕМТИХАН ЖӘНЕ АТТЕСТАЦИЯ ӨТКІЗУ

Оқытушылар үшін нұсқаулық

www.nmu.kz

Емтихан күндері

Емтихан түрі	Уақыты
Қорытынды емтихан (Бакалавриат 1-2-3 курстар, магистратура 1- курс, докторантура 1-курс)	18.05-06.06.2020ж.
Диплом жұмысын қорғау (Бакалавриат 4- курс)	11.05-30.05.2020ж.
Диссертация қорғау (Магистратура 2-курс)	11.05-30.05.2020ж.

Емтихан түрлері

Түрлері	Жүйелері	Сұрақтары	Нұсқалары	Қосымша
Дәстүрлі жазбаша	Оқулық	150 билет	Билетте 2-3 сұрақтан	Онлайн
	Platonus			
	ZOOM			
Тест	Platonus	150 сұрақ 5 жауабымен	50 сұрақ, 1 дұрыс жауаптан	Онлайн
	Google Forms			
	ZOOM			
Ауызша	ZOOM	150 сұрақ	Магистратура бөлімі	Онлайн
	Skype			
	Cisco WebEX			

Қорытынды емтихан

- Қорытынды емтихандар ауызша, жазбаша, тест немесе аралас түрде өткізілуі мүмкін.
- ҚБТ қолдана отырып қорытынды емтихан өткізетін оқытушы оның формасы мен бағдарламалық жасақтаманы өзі таңдайды және бұл туралы алдын-ала кафедраға мәлімдейді.
- Оқытушы емтиханның қандай түрін таңдаса да онда қолданылатын сұрақтар, тапсырмалар мен кейбір жазбаша жұмыстардың тақырыптары кафедра тарапынан бекітілуі қажет.
- Емтиханның қай түрі болмасын мүмкін болған жағдайда прокторинг жасалынады. Ол үшін ZOOM интернет ресурсы қолданылып, емтихан сәтінің жазылуы оқытушы тарапынан ұйымдастырылады. Жазылған видео оқытушы тарапынан тексеріледі. Видеодан көшіру, басқа біреудің көмегіне жүгіну немесе орнына басқа біреудің емтиханды тапсыруы секілді ереже бұзушылықтар анықталған жағдайда, жұмыс жарамсыз деп табылады. Жинақталған видеолар университеттің жүйе администраторының dalviliar@mail.ru адресіне оқытушылар тарапынан жіберіледі

Қорытынды емтихан ережелері

Емтиханға дайындық
Platonus жүйесінде өткізілетін барлық емтихандар үшін емтихан таңдалған жүйеде басталмас бұрын, біз «Қорытынды емтихан ережелері» атты құжатты pdf форматында орналастырамыз: ✓ емтиханды өткізу ережесі; ✓ бағалау саясаты; ✓ емтихан кестесі;

Келесі емтихан түрлері үшін

Тестке	Эссеге	Жобаға	Ауызшаға
Сұрақтар тізімін	Тақырыптарын	Тақырыптарын	Билеттерін
Тестілеу уақытын	Уақытын	Уақыт кестесін	Онлайн сілтемесін

Жазбаша емтихан схемасы

1. Platonus жүйесіне сұрақтарын жүктеп, уақытын белгілейді

1. ОПҚ

2. Platonus жүйесінде Эссе ретінде жауап қатады

2. Студент

4. Нәтижесімен танысып, бағасын Platonus жүйесіне енгізеді

3. ОПҚ

4. ОПҚ

3. ЭССЕ-лерді антиплагиатқа тексертуге dalviliar@mail.ru поштасына жолдайды

Жазбаша емтихан

- Емтихан жазбаша болатын жағдайда эссе, кейс-тапсырмалары, шығарма, т.б. түрде алынуына болады.
- Жазбаша жұмыстың көлемін және тапсырманы орындау ұзақтығын оқытушы өзі анықтайды.
- Жазбаша жұмыстар электрондық пошта, WhatsApp, өзге де мессенджерлер арқылы оқытушыға жолданады.
- Жазбаша емтихан түрінде қабылданған жұмыстардың бәрі міндетті түрде университеттегі Strike Plagiarism антиплагиат жүйесінен тексеруден өтуі қажет.
- Оқытушы жазбаша жұмыстарды тексеріп, бағалағаннан кейін, білім алушылардың бағасын Платонус жүйесіне енгізеді.

Тест платформалары

Тест

Екі бағытта іске асады

Platonus

50 сұрақ
5 / 1 жауаптарымен
60 минут
Нәтижесі Platonus платформасына автоматты түрде енгізіледі

Google forms, Socrative

50 сұрақ
5 / 1 жауаптарымен
60 минут
Нәтижесі Platonus платформасына қолмен енгізіледі

Тесттің өткізілу схемасы

1. ОПҚ

1. Таңдалған жүйеге сұрақтарын жүктейді

2. ОПҚ

2. Студенттерді тест ережесімен таныстырады

3. Студент

3. Таңдалған жүйеде тест тапсырады

4. ОПҚ

4. Нәтижемен танысады, қажет етсе енгізеді

Тест форматындағы емтихан

- Емтихан тест форматында өткізілетін болса білім алушының қашықтықтан тапсыратыны ескеріле отырып, сұрақтар критериалды-бағдарлы тәсіл шеңберінде әзірленуі қажет.
- Тестілеу Платонус жүйесінде ұйымдастырылуы мүмкін. Ол жағдайда кемінде 150 тест тапсырмасы әзірленеді және бір тест тапсырмасында 5 жауап нұсқасы, оның ішінде 1 дұрыс жауап болуы тиіс. Сұрақтардың түрлерін, күрделілік деңгейін және өткізу ұзақтығын оқытушы оқу нәтижелеріне байланысты өзі белгілейді.
- Тестілеу Google форма қолданылу арқылы да өткізілуі мүмкін. Ол жағдайда кемінде 50 тест тапсырмасы әзірленеді. Жауап нұсқаларын, дұрыс жауаптың санын, уақыт ұзақтығын оқытушы өзі белгілейді. Тестілеу Google форма қолданылу арқылы өткізілген жағдайда білім алушылардың бағасы Платонус жүйесіне оқытушы тарапынан енгізіледі.

Ауызша емтиханның схемасы

1. ОПҚ

1. Таңдаған жүйеде топты қосып, билеттер жасырады

2. Студент

2. Таңдаған жүйеде онлайн түрде билетке жауап қайтарады

3. ОПҚ

3. Онлайн түрде бағалап, Platonus жүйесіне енгізеді

4. ОПҚ

4. Жазылған видеоны Dalviliar@mail.ru поштасына жолдайды

Ауызша емтихан

- Емтихан ауызша форматта өткізілген кезде әңгімелесу, сұрақ-жауап, т.б. әдістерді қолдануға болады.
- Сұрақтардың көлемі мен емтихан уақытының ұзақтығын оқытушы өзі анықтайды.
- Емтихан ауызша тапсырылған жағдайда оқытушы ZOOM, Skype, Webex және т.б. интернет ресурстарын қолдана алады.



Қосымша мүмкіндік

- Білім беру бағдарламалары бойынша базалық, кәсіби және университет тарапынан бекітілген міндетті пәндердің тысындағы ЖБП міндетті пәндері мен таңдау пәндері бойынша білім алушының қорытынды бақылау бағасына оның аралық бақылаулардан алған бағаларының орталамасын қоюға болады.
- Бірақ бұл үшін білім алушының келісімі, яғни Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры атына өзінің қолымен толтырылған өтініші болуы қажет.
- Білім алушы аралық бақылаулардың орталамасының емтиханға қоюылуына келіспеген жағдайда емтихан алынады.
- Оқу-әдістемелік басқарма кейбір жағдайларда (денсаулығына, отбасы жағдайына, қызметтік себептерге байланысты) студентке емтиханды жеке кесте бойынша тапсыруға рұқсат бере алады. Оқу-әдістемелік басқармаға науқастығы, сәбидің дүниеге келуі, жақын туыстарының қайтыс болуы, қызметтік немесе оқу іссапарында болуына байланысты жағдайларды растайтын анықтамалар электронды түрде тапсырылған жағдайда емтиханды жеке кесте бойынша жазда тапсыруға рұқсат беріледі.

Өтініштің үлгісі

НҰР МҮБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТІ

Академиялық мәселелер департаментінің
директоры Ж.С. Сандыбаев мырзаға
_____мамандығының
___курс _____ бөлімі _____тобы
білім алушысы _____
Мекен-жайы:_____
тел. _____

ӨТІНІШ

Қорытынды емтиханды қашықтық форматында тапсыруға техникалық тұрғыда мүмкіншілігім жоқ болғандықтан, тізімдегі сабақтардың емтихан бағасын екі аралық бақылаудың орташа бағасына сай негізде қоюларыңызды сұраймын: (рейтинг бағасын емтихан бағасы ретінде санауға өзіңіз келісетін сабақтарыңыздың тізімін жазыңыз)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

Күні «____» _____2020 ж.
Қолы_____

Жазғы семестр

- Емтиханнан F «Қанағаттанарлықсыз» бағасын алған білім алушы сол пәнге қайта жазылып, пәнді толығымен қайта меңгереді. Бұл пәнді қайта меңгеру ақылы түрде іске асады.
- Сондай-ақ мүмкіншілігі бола тұра өзі немқұрайдылық танытып,
- семинарларға қатыспаған немесе аралық бақылауды тапсырмаған, осылайша орталамасы бойынша емтиханға жіберілмеген білім алушы да пәнге жазғы семестрдің кезінде қайта жазылып, бұл пәнді ақылы түрде қайта меңгереді.

Incomplete

Incomplete бойынша сессияға қатысатын студенттер саны

Incomplete	Исламтану	Дінтану	Шетел тілі	Қорытынды
Бакалавриат	0	0	0	0
Магистратура	0	0	0	0
Докторантура	0	0	0	0
Барлығы	0	0	0	0

Техникалық құралдардың болмауына, интернет желісінің қол жетімсіздігі немесе шектеулі болуына байланысты емтиханға қатыса алмаған жағдайда «I» (Incomplete) – «аяқталмаған» деген баға қойылады. 30-маусыға дейін білім алушы емтиханды тапсырмаған жағдайда оған «қанағаттанарлықсыз» деген баға қойылады.

Қорытынды аттестация

- Пандемия кезеңінде қорытынды аттестациялау да қашықтықтан өтеді.
- Университетте қорытынды аттестация диплом жұмысын (жобасын), магистрлік диссертацияны қорғау түрінде өткізіледі.
- Бұл үшін университет ZOOM интернет ресурсын қолдануды ұсынады. Осы интернет ресурсы арқылы комиссияның мәжілісі өтеді.
- Комиссия мәжілісінің ұзақтығы күніне 5 сағаттан аспауы тиіс.
- Қорытынды аттестацияға себепті жағдаймен қатыса алмаған білім алушы комиссия төрағасының атына ерікті формада жазылған электронды өтінішін жолдайды. Өтініштің қасына себепті жағдайын растайтын құжатын қоса көрсетеді. Төрағаның рұқсатымен комиссия басқа мәжілісінде қорытынды аттестаттаудан өтеді. Қайта болатын мәжіліс уақытын комиссия анықтайды.
- Егер қорытынды аттестация кезінде техникалық ақаулықтар орын алып, білім алушы соның салдарынан қорытынды аттестацияға қатыса алмаса, онда мәжіліс хатшысы электронды түрде акт әзірлеп, сол күні комиссия мүшелерінің бәріне жібереді. Мұндай жағдайда білім алушыға қорғау үшін басқа уақыт тағайындалады.

Дипломдық жұмыс тәртібі

Алдын ала қорғау	Антиплагиат	Рецензент	Қорғау
01-15.04.2020	15.04-10.05.2020	01.05-10.05.2020	11.05-30.05.2020
ZOOM GOOGLE forms	Plagiat.kz StrikePlagiarism	Mail.ru Gmail.com	ZOOM GOOGLE forms

Антиплагиат жүйесі

Сапа менеджменті жүйесі бөлімі

Академиялық мәселер департаменті

- Оқу-әдістемелік басқарма
- Комиссия мүшелері

Жұмыс

GOOGLE forms

нәтижесі

Кафедралар

- Исламтану
- Дінтану
- Араб және ағылшын тілдер

Ақпаратты технологиялар бөлімі

Антиплагиат жүйесі

Қорытынды аттестация

- Пандемия кезеңінде қорытынды аттестациялау да қашықтықтан өтеді.
- Университетте қорытынды аттестация диплом жұмысын (жобасын), магистрлік диссертацияны қорғау түрінде өткізіледі.
- Бұл үшін университет ZOOM интернет ресурсын қолдануды ұсынады. Осы интернет ресурсы арқылы комиссияның мәжілісі өтеді.
- Комиссия мәжілісінің ұзақтығы күніне 5 сағаттан аспауы тиіс.
- Қорытынды аттестацияға себепті жағдаймен қатыса алмаған білім алушы комиссия төрағасының атына ерікті формада жазылған электронды өтінішін жолдайды. Өтініштің қасына себепті жағдайын растайтын құжатын қоса көрсетеді. Төрағаның рұқсатымен комиссия басқа мәжілісінде қорытынды аттестаттаудан өтеді. Қайта болатын мәжіліс уақытын комиссия анықтайды.
- Егер қорытынды аттестация кезінде техникалық ақаулықтар орын алып, білім алушы соның салдарынан қорытынды аттестацияға қатыса алмаса, онда мәжіліс хатшысы электронды түрде акт әзірлеп, сол күні комиссия мүшелерінің бәріне жібереді. Мұндай жағдайда білім алушыға қорғау үшін басқа уақыт тағайындалады.

Қорытынды аттестация

- Қорғау кезінде білім алушы мүмкін жағдайда жұмысының презентациясын экранда көрсете отырып, камерамен комиссия алдында баяндама жасайды. Комиссия тарапынан қойылған сұрақтарға ауызша жауап береді. Егер техникалық ақаулықтар орын алған жағдайда білім алушыға жазбаша сұрақтар қойылады. Бұл жағдайда хатшы білім алушыға сұрақтарды оқиды. Білім алушы сұраққа ауызша немесе жазбаша жауап береді.
- Қорғау техникалық ақауларға байланысты үзіліп кеткен жағдайда оның жалғасуы үшін білім алушы хатшыға хабарласады. Комиссия қорғауды қайта бастауға немесе тоқтатуға шешім қабылдайды.
- Білім алушыға өзінің жұмысы жайлы баяндама жасауға 7-10 минут беріледі.
- Бір білім алушының қорғауына жұмсалатын уақыт (баяндама, ауызша және жазбаша сұрақтар мен оған берілген жауаптарды қоса есептегенде) 20 минуттан аспауы қажет.
- Білім алушының жеке тұлғасы хатшы тарапынан қорғау басталмастан бұрын анықталады. Ол үшін білім алушы өзінің куәлігінің түп нұсқасын көрсетеді.
- Қорғау кезінде видео жазылады және сақталады.
- Комиссия тарапынан білім алушыны бағалау кезінде Google форма қолданылады.
- Қорғау аяқталған соң қорытынды аттестаттаудың нәтижесі жарияланады. Қорғау нәтижесі үшін электронды хаттама жасалып, комиссия мүшелеріне жіберіледі.